ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ БАНКТЕР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА

2026 жылғы 1-тоқсан

Кредиттеу туралы банктер арасында жүргізілген сауалнама
2026 жылғы 1-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

Респонденттердің бағалауы бойынша, 2026 жылдың 1-тоқсанында кәсіпкерлік субъектілері тарапынан сұраныс аздап төмендеген. Сауалнама нәтижелерінің сандық көрсеткіштері ірі және орта бизнес сегменттерінде келіп түскен өтінімдер саны мен олардың орташа сомасының өскенін көрсетеді. Банктердің пікірінше, бұл кәсіпорындардың маусымдық және операциялық қажеттіліктерін қаржыландырумен байланысты (1-сурет).

Ірі бизнес сегментінде банктердің бір бөлігі инвестициялық жобалар бойынша кейінге қалдырылған сұраныстың бар екенін және қарыз алушылардың ағымдағы экономикалық жағдайларда күту позициясын ұстанатынын атап өтеді. Сонымен қатар, бір ірі банкте стратегиялық және инфрақұрылымдық ірі жобаларды қаржыландыруға арналған сұраныс көлемінің айтарлықтай өсуі байқалды, бұл жалпы сандық көрсеткіштерге әсер етті. Тоқсан ішінде банктер Аграрлық несие корпорация желісі бойынша ауыл шаруашылығы саласын қолдау бағдарламалары аясында келісімдерге қол қойып, қаражат алды. Бұдан бөлек, банктердің, мемлекеттік органдардың және даму институттарының бірнеше бағыт бойынша бірлескен жұмыстары жалғасуда, оның ішінде «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жобаларды бағалау, 7 млрд теңгеден асатын ірі жобалар үшін 2-кепілдік қорын[1] пайдалану мәселелерін қарастыру, сондай-ақ «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ және оның еншілес ұйымдарының бірқатар жобаларын банк тарапынан қайта қаржыландыру сұрақтары бар. Дегенмен, кейбір банктер жоғарыда аталған құралдарды кеңінен қолдануға тежеу болатын факторлар ретінде меншікті капиталдың шектеулілігін, қорландыру базасының қысқа мерзімділігін және кепілмен қамтамасыз ету мәселелерін атап өтеді.

Нәтижесінде, ірі бизнес субъектілерінің кредиттік өтінімдерінің жалпы саны тоқсаннан тоқсанға (т/т) 16%-ға артып, 238-ге жетті, ал өтінімдердің орташа мөлшері 80%-ға (т/т) өсіп, 18,8 млрд теңгені құрады.

Көптеген банктер орта және шағын кәсіпкерлік субъектілері тарапынан сұраныстың шамалы төмендегенін атап өтеді, бұл бұрын бөлінген мемлекеттік қолдау қаражатының игерілуімен және жыл басындағы маусымдық факторлармен байланысты (1-сурет). «Өрлеу» қорландыру бағдарламасының шарттарына елеулі өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, бизнеске қойылатын қарсы міндеттемелер күшейтіліп, ірі қалаларда қаражатты

[1] «Даму» қоры 2025 жылы қарыздарды кепілдендіру құралдарын кеңейту арқылы экономиканың нақты секторын қолдау мақсатында Кепілдік қоры аясында кепілдендіру бағдарламасын іске қосты. «2-кепілдік қоры» 7 млрд теңгеден асатын жобаларға бағытталған.

пайдалану мүмкіндіктеріне шектеулер қойылды, сондай-ақ бағдарламаға қатыса алатын экономика салаларының тізімі қысқартылды. Осыған байланысты банктер «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен бұл бастамалардың бизнестің несиелік белсенділігіне әсерін, сондай-ақ олардың бизнес үшін іс жүзінде қаншалықты іске асырылатынын талқылауда.

Шағын және микробизнес сегментінде банктер өз өнімдерін, мамандандырылған қосымшаларын, сондай-ақ портфель сапасын арттыру үшін скоринг модельдерін жетілдіруді жалғастыруда. Мәселен, орташа банктердің бірінде скоринг моделіне кепілдік өнімді енгізу мен қамтамасыз ету ретінде қабылданатын кепілдер тізімін кеңейту нәтижесінде өтінімдер санының өсуі байқалды. Сонымен қатар, кейбір банктер өз базасындағы клиенттерге арналған несиелік ұсыныстарды кеңейтуге басымдық беріп, сырттан келетін әлеуетті қарыз алушылардан өтінім қабылдауды уақытша тоқтатты. Жаңа Салық кодексінің әсерінен кейбір жеке кәсіпкерлердің өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатына өту ықтималдығына байланысты банктер бұл өзгерістердің кредиттік белсенділікке ықпалын бағалау үшін әлі де уақыт қажет екенін атап өтеді. Қазіргі уақытта айтарлықтай өзгерістер байқалмайды.

Жалпы алғанда, орта бизнес субъектілерінің кредиттік өтінімдерінің саны 5%-ға (т/т) артып, 5,0 мыңды құрады. Өтінімдердің орташа мөлшері 15%-ға (т/т) өсіп, 902 млн теңгеге жетті. Өтінімдер санының өсуі жекелеген банктердің цифрлық онлайн өнімдері есебінен байқалды. Шағын бизнес сегментінде кредиттік өтінімдердің жалпы саны 5%-ға (т/т) аздап төмендеп, 912 мыңды құрады, ал өтінімдердің орташа мөлшері 11%-ға қысқарып, 24,8 млн теңге деңгейінде қалыптасты.

Ірі бизнес субъектілерінің өтінімдерін мақұлдау коэффициенті 10 п.п.-ға (т/т) төмендеп, 55%-ды құрады. Бұл негізінен тоқсан соңында келіп түскен және әлі қаралу үстіндегі өтінімдер санының көп болуына байланысты болды. Орта және шағын бизнес сегменттерінде мақұлдау үлесі 4 п.п. және 2 п.п.-ға (т/т) төмендеп, тиісінше 37% және 34% болды.

Банктердің бағалауы бойынша, 2026 жылдың 2-тоқсанында іскерлік белсенділіктің артуына байланысты ірі бизнес субъектілері тарапынан сұраныстың өсуі күтіледі (1-сурет). Өнімдер шарттары бойынша кейбір банктер жекелеген банктік операциялар бойынша қосылған құн салығының енгізілуіне байланысты тарифтерді қайта қарастыруды жоспарлап отыр.

Жеке тұлғаларды кредиттеу

2026 жылдың 1-тоқсанының қорытындысы бойынша ипотекалық қарыздар мен автонесиелер сегментінде сұраныстың төмендегені байқалды. Ал кепілмен қамтамасыз етілген және кепілсіз тұтынушылық қарыздарға сұраныс алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды.

Есептік тоқсанда ипотекалық қарыздарға сұраныстың төмендеуін бірқатар ірі банктер 2025 жылдың 4-тоқсанындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өсуімен байланыстырады (5-сурет). Нарық қатысушыларының бағалауы бойынша, тұрғын үйді пайдалануға беру көлемінің қысқаруы сұранысты тежейтін қосымша фактор болды. Нәтижесінде ипотекалық қарыздар бойынша несиелік өтінімдер саны 21%-ға (т/т) азайып, 191 мыңды құрады, сонымен қатар сұралатын қарыздың орташа мөлшері 4%-ға, 20,5 млн теңгеге дейін төмендеді.

Кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздарға сұраныс 2025 жылдың 4-тоқсаны деңгейінде сақталды (5-сурет). Аталған сегментте несиелеу шарттарының сыйақы мөлшерлемелері жағынан аздап қатаңдатылуы (9-сурет) сұраныс динамикасына айтарлықтай әсер еткен жоқ. Нәтижесінде несиелік өтінімдер саны 1%-ға (т/т) өсіп, 103 мыңды құрады, ал сұралатын қарыздың орташа мөлшері 12%-ға (т/т), яғни 13,6 млн теңгеге дейін ұлғайды.

Кепілсіз несиелеу сегментіндегі сұраныс алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды (5-сурет). Нәтижесінде несиелік өтінімдердің жалпы саны 2%-ға (т/т) азайып, 16,1 млн-ды құрады, ал сұралатын қарыздың орташа мөлшері 3%-ға (т/т) өсіп, 963 мың теңгеге жетті.

2026 жылдың 1-тоқсанында автонесиелеу сегментінде сұраныстың төмендеуі тіркелді. Бірқатар банктердің бағалауы бойынша, бұл динамика жаңа автомобильдер бағасының арзандауы аясында автодилерлер тарапынан субсидияланатын несиелік өнімдерге деген қызығушылықтың азаюымен байланысты (5-сурет). Нәтижесінде автонесиелер бойынша өтінімдердің жалпы саны 20%-ға (т/т) қысқарып, 1,2 млн-ды құрады, ал сұралатын қарыздың орташа мөлшері 12%-ға (т/т) өсіп, 7,2 млн теңгеге жетті.

Жалпы алғанда, несиелік өтінімдерді мақұлдау коэффициенттерінде айтарлықтай өзгерістер байқалмайды. Мәселен, ипотекалық өнімдер бойынша мақұлдау деңгейі 1 п.п. (т/т) өсіп, 23%-ды құрады. Ал кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша мақұлдау коэффициенті 5 п.п. (т/т) төмендеп, 17%-ға, кепілсіз қарыздар бойынша 1 п.п. (т/т) азайып, 32%-ға, автонесиелер бойынша 1 п.п. (т/т) төмендеп, 15%-ға жетті. Жеке банк кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша мақұлдау үлесінің төмендеуін ішкі скоринг рәсімдерінің қатаңдатылуымен байланыстырады. Сонымен қатар,

банктердің басым бөлігі несие қоржынының сапасын арттыру және жұмыс істемейтін қарыздар (NPL) үлесін азайту мақсатында өздерінің скоринг модельдерін қайта қарауда.

2026 жылдың 2-тоқсанында банктер ипотекалық қарыздарға сұраныстың аздап өсуін болжап отыр, ал бөлшек несиелеудің қалған сегменттерінде сұраныс ағымдағы деңгейде сақталады деп күтілуде (5-сурет). Ипотека сегментінде күтілетін жандануды жеке банктің тұрғын үй құрылыс жинақтары (ТҚЖ) жүйесі аясында жаңа несиелік өнімнің жоспарланған іске қосылуымен байланыстырады. Өз кезегінде, осы сегменттегі үлкен банк ТҚЖ салымдары бойынша жыл сайынғы мемлекеттік сыйлықақыны төлеу аясында несиелік өтінімдер санының артуын күтуде. Сонымен қатар, нарық қатысушыларының болжамы бойынша, бөлшек несиелеу нарығының барлық сегменттерінде несиелеу шарттары өзгеріссіз қалып, 2026 жылдың 1-тоқсаны деңгейінде сақталады.

Зерттеу туралы жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттеу туралы сауалнаманы банктер арасында тоқсан сайын жүргізіп отырады. Бұл сауалнама кредит ресурстарына деген сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерді бағалау мақсатында ұйымдастырылады. Сауалнама банктің жалпы кредит саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына арналған. Зерттеу кезінде барлық банк сауалнама толтырады және кей банктердің өкілдерімен сұхбат жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап беру үшін мына жауаптардың бірі қолданылады:

-1 = айтарлықтай төмендеді / қатаңдады

-0,5 = сәл төмендеді / сәл қатаңдады

0 = бұрынғы деңгейде қалды

0,5 = сәл артты / сәл жеңілдеді

1 = айтарлықтай артты / айтарлықтай жеңілдеді

2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері қарапайым орташа тәсілмен есептеліп, таза процент өзгерісі (ТПӨ) ретінде ұсынылатын. Бұл – параметрдің артқанын (жеңілдегенін) көрсеткен респонденттердің үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) көрсеткен респонденттердің үлесі арасындағы айырма.

2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап нәтижелер әр банктің кредит нарығы сегментіндегі үлесін ескере отырып, ТПӨ түрінде есептеледі. Бұл көрсеткіштің мәні -100%-дан (барлық банктер «айтарлықтай төмендеді/қатаңдады» деп жауап берсе) +100%-ға дейін (барлығы «айтарлықтай артты/жеңілдеді» деп жауап берсе) өзгере алады.

Бұл көрсеткіш оң болса – өсімді (жеңілдеуді), ал теріс болса, төмендеуді (қатаңдауды) білдіреді. Сонымен қатар, таза процент өзгерісі – көрсеткіші параметрдің нақты көлемін емес, тек өзгеріс болған-болмағанын көрсетеді.

Сондай-ақ 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап, сауалнамада қойылатын және мақұлданған кредиттік өтінімдер туралы сұрақтар (№21, 22, 23 сұрақтар) енгізілді. Жалпы өтінімдер санына мақұлданған, бас тартылған және зерттеу жүргізу кезінде қаралып жатқан өтінімдер кіреді.

1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына деген сұранысы



(а) №1сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда кәсіпкерлердің кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?
(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні кәсіпкерлердің кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу шарттары



(а) №5 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

Таза процент өзгерісі

3-сурет. Кредиттеудің кейбір шарттары



(а) №7 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде берілген кәсіпкерлік субъектілеріне арналған кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

4-сурет. Кредит сыйақысы мөлшерлемелері



(а) №8 сұрақ: Кейінгі 3 айда кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелері қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?
(б) Таза кредит өзгерісінің оң мәні корпоративтік секторға берілетін кредит сыйақысының мөлшерлемесі төмендегенін білдіреді.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы

Таза процент өзгерісі



(а) №9 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

6-сурет. Жеке тұлғаларға кредит беру шарттары

Таза процент өзгерісі



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредит шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу шарттары

Таза процент өзгерісі



(а) №16 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген ипотекалық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні ипотекалық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

8-сурет. Тұтыну кредитін беру шарттары

Таза процент өзгерісі



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
(б) №17 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген тұтынушылық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 ай ішінде бұл шарттар қалай өзгереді?
(в) Таза процент өзгерісінің оң мәні тұтынушылық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларға арналған кредиттің сыйақы мөлшерлемесі қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні жеке тұлғаларға берілетін кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендегенін білдіреді.